



АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерді ішкі талдау нәтижелері туралы

Өскемен қаласы

20 желтоқсан 2016 жыл

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Улгілік ережелері негізінде білім беру бөлімінде бөлім басшысының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 993-Ө бүйрығымен жұмыс тобы күрылды, 2016 жылдың 7-10 желтоқсан аралығында 2016 жылғы жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізді.

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ туралы Ережеге сәйкес Бөлім қызметінің миссиясы білім саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Бөлім 34 қызметтің 7 жүзеге асырады.

Бөлім басшысы – Ахметова Мәдениет Медеуханқызы осы лауазымға Өскемен қаласы әкімінің 02.02.2015 жылғы № 493-к әкімімен тағайындалған.

I. Бөлім қызметіне катысты нормативтік құқықтық актілерде жемқорлық тәуекелдерді анықтау. (жоқ)

II. Бөлімнің ұйымдастыру-басқару қызметінде жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы.

Бөлімнің штаттық саны 62 бірліктен тұрады, (мемлекеттік қызметшілер - 15, азаматтық қызметшілер - 47). Талдау жүргізген кезде 56 бірлік, (оның ішінде мемлекеттік қызметшілер - 14, азаматтық - 42), бос орындар - 6, (мемлекеттік қызметшілер - 1, азаматтық 5), мемлекеттік қызметшілер орны 20.09.2016 жылдан бастап бос.

Кадрлардың алмасуы:

2016 жылы Бөлімде (өз еріктегі бойыниша) 4 мемлекеттік қызметші атқарып жүрген лауазымдарынан босатылды, бұл 26,6% немесе жалпы қызметкерлер санының **10,6%** құрайды (азаматтық қызметшілер).

2016 жылы қабылданған мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді басшылық кураммен қосу анықталған жоқ.

Тәртіптік жаза:

2016 жылы Бөлімде лауазымдық міндеттерін тиісті орындағандары үшін **8 қызметкер** тәртіптік жазаға тартылды (2 сөгіс, б ескертү);

2016 жылы сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандары үшін тәртіптік жазаға тартылғандар болған жоқ.

Бөлімде мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жазаларын мерзімінен бұрын алу фактілері бар, алу мерзімі 1 айдан кем емес.

Ұсыныстар:

- 1) Бөлім басшысына еңбек тәртібін нығайту және тәрбиелеу мақсатында бұрын берілген тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алуға жол берілмесін.
- 2) Бөлім басшысы кадрлардың тұрақтамау деңгейін төмендету, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, тәлімгерлік институтын енгізу бойынша шара қабылдасын.

Жеке және занды тұлғалардың отініштері:

2016 жылы Бөлімге жеке және занды тұлғалардан 487 өтініш келіп түсті. Оның 441 жеке тұлғалардан, сонымен қатар бөлім басшысының жеке қабылдауына 64 өтініш және занды тұлғалардан 46 сауал түсті.

Білім беру бөліміне 6 шағым түсті, оның 5 жеке және 1 занды тұлғалардан. Сенім телефонына 17 арыз-өтініш түсті.

Білім беру бөліміне қамқоршылық және қорғаншылық, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру, демалыс және бос уақыт, балалар мен оқушыларды тамақтандыру, педагог қызметкерлерді жұмысқа орналастыру және т.б. мәселелерге қатысты өтініштер түседі.

Жеке және занды тұлғалардың өтініштерінде жауаптарды дұрыс тұжырымдау немесе бірнеше мағынасы бар терминдерді дұрыс пайдаланбау нәтижесінде қайшылықтар туындайды. Мысалы, жауап жазғанда орындаушылар өтініш беруші берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының «Жеке және занды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарau тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арыздана алады деген сөзді кіріктірмейді.

Ұсынылады: білім беру бөлімі азаматтардың өтініштерін қарau кезінде Қазақстан Республикасының «Жеке және занды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарau тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арыздану құқығын қарастырын.

1.1. Кадр мәселесін шешу кезінде дискрециялық өкілеттікітің болғаны анықталды, бұл жемқорлық тәуекел болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 "Педагогикалық қызметкерлер лауазымдары мен оларға теңестірілген тұлғалардың Үлгілік біліктілік сипатын бекіту туралы" бүйрығына өзгертулер енгізу туралы» бүйрығына сәйкес қалалық әдістемелік кабинеттің әдіскеңірі лауазымына жоғары педагогикалық білімі бар, еңбек өтілі 5 жылдан кем емес және біліктілік санаты біріншіден төмен емес педагог қызметкерлер қабылданады. Бірақ еңбекақы есептеу кезінде біліктілік санаты үшін төлем жүргізілмейді.

Ұсыныстар:

- 1) Бөлім басшысы жоғары тұрған басшылық алдында аталған қызметкерлер санатына еңбекақы төлеу бойынша нормативтік-құқықтық құжатқа өзгерту енгізу туралы мәселесін қарau бастамасын ұсынсын.

2) Мұдделер қайшылығын реттеу

Мұдделер қайшылығының жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жақын туыстар, ерлі-зайыптылар және жекжаттардың бірлесіп қызмет (жұмыс) ету және мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру фактілері анықталған жок.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсетеу

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес Бөлім мемлекеттік қызметтің 23 түрін көрсетеді. «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ регламенттер және стандарттармен бекітілген барлық бизнес-урдістерді сақтай отырып, жеке және занды тұлғаларға 23 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. 2016 жылдың қанчарынан 1 желтоқсан аралығында 23 түр бойынша 40 376 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде 709 қызмет - «Азаматтарға арналған үкімет» МК арқылы.

Қызмет алушылар тараапынан білім беру бөлімі қызметкерлерінің қызмет көрсетеу сапасы мен мерзімі бойынша арыздар болған жок. Мемлекеттік қызметтер регламенті мемлекеттік қызмет көрсетеу стандарты мен нақты үрдісіне сәйкес келеді.

3.2 «Үздік ұстаз» атағын беру байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметтіне құжаттар қабылдау мерзіміндегі қайшылықтар.

Білім беру үйімінің педагог қызметкері құжат тапсыру мерзімін бұзған, өтінішті 2016 жылдың 27 сәуір күні тапсырған, ал «Үздік ұстаз» атағын беру байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметі стандартының 2-тармағына сәйкес өтініштер жыл сайын 1 сәуірден бастап қабылданады. Осылайша қызмет көрсетушінің кінәсінен нормативтік құжаттарда жасанды түрде қарама қайшылық туындаған, ол өз кезегінде жемқорлық тәуекелдердің пайда болуына ықпал етеді, нәтижесінде жемқорлық құқық бұзушылық жасауға әкеледі.

Ұсыныстар:

1) Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағы талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін (қызмет көрсетуші мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызмет көрсетеу Стандарты мен Регламентіне сәйкес көрсетуге тиіс).

3.3 «Негізгі, жалпы орта білім беру үйімдарында экстернат түрінде оқуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметтің көрсетеу нәтижелерін ресімдеудегі қайшылықтар.

Мемлекеттік қызмет стандартының 6-тармағына сәйкес негізгі, жалпы орта білім беру үйімдарында экстернат түрінде оқуға рұқсат беру туралы бұйрықтың үзінді көшірмесінің орныңа осы стандарттың 1 қосымшасына сай үлгі бойынша қызмет алушыға бөлім басшысының қолы қойылған бұйрыққа сілтеме жасалмай хабарлау хат түрінде рұқсат берілген.

Ұсыныстар:

1) Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағы талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін (қызмет көрсетуші мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызмет көрсетеу Стандарты мен Регламентіне сәйкес көрсетуге тиіс).

Қызмет алушының құжаттар пакетінің мазмұны сәйкес келмеген жағдайда Стандартта қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздеме болатын нормалар қарастырылған. Нормада мемлекеттік қызметтің мерзімін ұзарту қарастырылмаған. Білім беру бөлімінде жауапкершіліктен «жалтаруға» жол берілмейді, себебі тұрақты бақылауда болып табылады. Мемлекеттік қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» МК және «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілген кезде қызмет алушымен тұра байланыс болмайды, ал қызмет

көрсетушінің кеңесі арқылы көрсетілгенде тұра байланыс орын алады. Қалалық білім беру бөлімінің мемлекеттік қызметтер туралы екі тілдегі ақпараты бөлім гимаратының фойесінде және бөлімнің <http://oouk.vko.gov.kz //ru/> сайтында және Өскемен қаласы әкімінің <http://oskemen.vko.gov.kz/ru/> ресми сайтындағы «Мемлекеттік қызметтер» айдарында орналастырылған.

3.1. Сол бір қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер нормаларындағы қайшылықтар жемқорлық әрекеттер үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 173 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын орналастыру бойынша конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау» Стандарттың 2-тармағы 9) тармақшасына сәйкес қызмет алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мен «Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі» бос лауазымға орналасуға үміткердің кандидатурасын білім басқармасымен міндепті келісу құжаты жоқ, ал ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 актіндеғі № 57 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурсқа орналастыру ережелерінде бар.

Осылайша мемлекеттік қызмет стандартындағы және конкурс өткізу Ережелеріндегі қайшылықтар мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қағазbastылық құру және артық құжаттар талап ету түріндегі әкімшілік «кедергілер» құруға әкеледі, бұл да жемқорлық тәуекелдердің пайда болуына ықпал етеді.

Ұсыныстар:

1) Білім басшысы жоғары тұрған басшылық алдында мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурс арқылы орналастыру Тәртібінің 19-тармағы 5) тармақшасы, Стандарттың 2-бабы 9-тармағындағы нормаларға қайшылықтарды жою туралы ұсынысты жоғары тұрған органға жіберу туралы мәселесін қарau бастамасын ұсынсын.

2) Білім басшысы көрсетілген қайшылықтарды жойғанға дейін Ережемен салыстырғанда заңды күші жоғары нормативтік құқықтық акт ретінде Стандарттың талаптарын басшылыққа алу қажеттілігі туралы ақпаратты құжаттарды қабылдау және қарauға уәкілетті тұлғаларға жеткізсін.

4. Бөлімнің білім беру ұйымдарында экспернат түрінде оқуға рұқсат беру қызметтері (3).

5. Білім бақылау қызметін жүзеге асырмайды .

6. Жемқорлық тәуекелдерді сырттай талдау объектісінің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа да мәселелер.

6.1. Тәжірибе көрсеткендей мемлекеттік сатып алу өткізу рәсімдерін бұзу, заңнама талантарын сақтамау, жемқорлық көріністерге жағдай жасайды.

Бөлімнің мемлекеттік сатып алу саласын камералық бақылау бойынша тексеруді талдау барысында бұзушылықтар анықталды, оны жасау себебі жемқорлық сипатта болуы мүмкін.

Тексеру қорытындылары:

1. № 428562-1 «Өскемен қаласы әкімдігінің № 18 орта мектебі» КММ гимаратының шатырын қалпына келтіру» электрондық конкурсын ұйымдастыру және өткізу кезінде 41 452,70 мың теңге сомасына мемлекеттік сатып алу өткізу

туралы заңнаманы сақтау мәселесі бойынша электрондық поштаға ШҚО қаржы бақылау инспекциясынан конкурс өткізу кезінде бұзушылықтар жіберілгені үшін өткізілген конкурсты жою туралы 03.06.2016 жылғы № 428562-1 шығ. № 05-13/2256 хабарлама келген.

Тексеру барысында анықталғаны, «Жарма Құрылыш-Газ» ЖШС және «Нұр и К» ЖШС әлеуетті жабдықтаушыларға негізсіз бас тартылған, себебі құрал жабдықтарының болуын растайтын құжаттары тапсырылмаған, біліктілік талаптары сәйкес келмейді деп көрсетілген, атап айтқанда: газбен дәнекерлеуге және кесуге арналған аппарат (1бірлік), электр ажарлағыш машина (5 бірлік), Marita HR 2450 электр перфораторы (5 бірлік), электр ұрғыш балға 220ВТ (2 бірлік). Негізсіз бас тарту туралы аталған хабарлама орындалды, сонымен қатар шартты бұзу рәсімі өткізілді.

Әлеуетті жабдықтаушыларды мемлекеттік сатып алуға қатысуға заңсыз негіздемелер бойынша жіберу немесе жібермеу бойынша анықталған жағдайлар конкурсы комиссиясы тарапынан жемқорлық пиғылда жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік органдарды лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне шағымдану бойынша сот шешімі туралы ақпарат жоқ.

Ұсыныстар:

1) Бөлім басшысы мемлекеттік сатып алу саласында анықталған заңнама бұзушылықтарды жою және алдағы уақытта мемлекеттік органдың қызметінде жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен шарттардың пайда болуына жол бермеу бойынша шара қабылдасын.

2) Бөлім басшысы мемлекеттік сатып алу жоспарын жасаған сәттен бастап шарт міндеттемелері аяқталғанға дейінгі мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бақылау жүйесін үйімдастырысЫн.

«Өскемен қаласының білім беру бөлімі» ММ анықталған жемқорлық тәуекелдер бойынша кадр мәселесін шешудегі дискрециялық өкілеттікі, мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша НҚА-дегі қайшылықтарды жою үшін ШҚО Білім басқармасына аталған қайшылықтарды қарau туралы хат жіберілді.

**Өскемен қаласының
білім беру бөлімінің басшысы**



M. Ахметова

Орынд. Ибраимова Д.К.
тел. 268883